

**Тыңдалым**

**11-сынып**

**1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. Бұл кімдердің арасындағы диалог?**

- a) Спорт аяқ киімі зауыты мен атақты спортшы
- в) Спорт киімін тігетін ателье мен клиент
- с) Спорт тауарларын өндіретін кәсіпорын мен спорт мектебі
- d) Спорт тауарларын сататын дүкен мен спорт мектебі
- е) Спорт тауарларын жеткізетін фирма мен спорт клубы

**2. Мәтін бойынша, «клиент» сөзінің синонимін табыңыз.**

- a) сатушы
- в) науқас
- с) сөйлесуші
- d) тұтынушы
- е) спортшы

**3. Тек сауда саласының терминдерінен тұратын қатарды көрсетіңіз.**

- a) өндірістік фирма, спорт, құжат
- в) жеңілдік, тауар, көтерме баға
- с) тапсырыс, сұраныс, спорт құралдары
- d) келісім, өлшем, сапа
- е) спорт мектебі, шаңғы, қуаныш

**4. Жарнама ретінде қолданылатын сөйлемдерді анықтаңыз.**

- a) Бұл «Спорт» өндірістік фирмасы. Сізді тыңдап тұрмыз.

- в) Жақсы. Сізге қандай спорт тауарлары керек?
- с) Біз де қуаныштымыз!
- д) Төлеуге тиісті сумманы банк арқылы біздің фирманың атына аударуыңызға болады.
- е) Тұрақты тұтынушыларға, тұрақты клиенттерге жеңілдіктеріміз бар.

**5. Біздің фирмамыз сіздерге ... әрқашан дайын. Мәтін мазмұны бойынша толықтырыңыз.**

- а) тауар сатуға
- в) қуанышты сәттер сыйлауға
- с) хат жіберуге
- д) қызмет көрсетуге
- е) жеңілдік беруге

**6. Сатып алушылардың сатушыны өз жағына шығару үшін жиі қолданатын сөздерін көрсетіңіз.**

- а) Тауарларыңыздың сапасы жақсы болса, сіздердің тұрақты тұтынушыларыңыз болар едік.
- в) Сіздердің фирмаға тапсырыс құжаттарын факс арқылы жіберейік деп едік.
- с) Төлеуге тиісті сумманы банк арқылы біздің фирманың атына аударуыңызға болады.
- д) Түрлі спорт құралдарына сіздерге тапсырыс берейік деп едік.
- е) Бізге түрлі өлшемдегі елу жұп шаңғы, он шақты баскетбол добы және теннис құралдары қажет.

**7. «Сұраныс» сөзіне қай сөз антоним бола алады?**

- а) тапсырыс
- в) жеңілдік
- с) ұсыныс
- д) келісім
- е) тұтынушы

**8. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін сөйлемді табыңыз.**

- a) Фирмамызда қазіргі сұраныстағы барлық спорт тауарлары бар.
- в) Біз бұл тауарларды көтерме бағамен бере аламыз.
- с) Сіздердің фирмаға тапсырыс құжаттарын факс арқылы жіберейік деп едік.
- d) Тұрақты тұтынушыларға, тұрақты клиенттерге жеңілдіктеріміз бар.
- е) Біз құжаттарды факспен қабылдай алмаймыз. Төлеуге тиісті сумманы фирманың кассасына әкеліп тапсыруңыз керек.

**9. Сөйлемді аяқтаңыз.**

*Спорт мектебі фирманың тауарларды көтерме бағамен бергеніне қуанды, өйткені ...*

---

**10. Мәтіннің мазмұнына сай мақалды табыңыз.**

- a) Саудагерде дос болмас.
- в) Алдамасаң, базар жоқ.
- с) Алтын тапсаң санап ал.
- d) Шаруа түбі - кеңес, сауда түбі - келіс.
- е) Базары жақын байымас.

**2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, тест тапсырмаларын орындаңыз.**

**1. Мәтіннен бұйрық райдың бірінші жағындағы сөйлемді табыңыз.**

- a) Олай болса, бұл ұстарамен уәзірдің шашын ал.
- в) Бұл уәзір берген ұстараның қандай екенін білмеймін.
- с) Мен бұл шаштараздың басын аламын!
- d) Өзімнің үйренген жаман ұстараммен-ақ ханның шашын алайын.
- е) Жақсы ұстараны мен байғұс қайдан табамын?

**2. Мәтіндегі синоним сөздерді табыңыз.**

- a) риза болады, үйіне қайтарады
- в) әмір қылады, бұйырады
- с) зиян, пайда
- d) күміс, алтын
- е) хан, уәзір

**3. Шаштараз неге таңқалғанын білдіретін сөйлемді белгілеңіз.**

- a) Хан шаштаразға дән риза болады, көп алтын, күміс сыйлық беріп, үйіне қайтарады.
- в) Уәзір дереу бір шаштаразға барып: «Ертең келіп, ханның шашын ал!», – деп бұйырады.
- с) Шаштараз: «Не істесең де ойлап істе, ойламай іс қылсаң, қор боларсың!» – деп, әр жерге жазылған сөздерді көреді.
- d) Ол күнде хан жаман киініп, жәй кісі болып, шахарды, базарды аралап жүреді екен.
- е) Шаштараз неге қылмысты болғанын білмей, қайран қалып тұр еді.

**4. Ханның шаштаразға таққан кінәсі қай сөйлемде айтылған?**

- a) Жақсы ұстараны мен байғұс қайдан табамын?
- в) Ханның шашын жәй ұстарамен алуға болмайды. Мә, мынау ұстарамен ал.

- с) Соны өлтірмекші болып, ұстарасын зәрге суарған екен.
- д) Бұл ақымақ алтын сапты ұстарасын менің шашымды алуға аяды ғой!
- е) Ханға бір зиян келтіріп жүрмейін жаман да болса үйренген өзімнің ұстараммен алайын.

**5. Уәзір шаштаразға алтын сапты ұстараны неге берді?**

- а) Ол ханның шашын тек алтын сапты ұстарамен алу керек деп ойлады.
- в) Уәзір ханның мақтауын алғысы келді.
- с) Уәзір ханды өлтірмекші болып, ұстарасын улаған екен.
- д) Уәзір өз міндетін дұрыс атқарғысы келді.
- е) Уәзір ханға жақсылық жасағысы келді.

**6. Қай сөйлемде қатер бар?**

- а) Олай болса, маған бір ақыл сатшы.
- в) Ханға бір зиян келтіріп жүрмейін жаман да болса үйренген өзімнің ұстараммен алайын.
- с) Ей, шаштараз, ханның шашын қандай ұстарамен алмақшы едің?
- д) Өзімнің үйренген жаман ұстараммен-ақ ханның шашын алайын.
- е) Мен бұл шаштараздың басын аламын!

**7. Ол ақылды, дана, әр нәрсенің құнын біледі, бұл мәтіндегі кім?**

- а) хан
- в) шаштараз
- с) ақыл сатушы
- д) уәзір
- е) жасауыл

**8. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін сөйлемді табыңыз.**

- а) Шашын алғызып болған соң, хан:– Дереу сыйлықтарды алып келіңдер, мен бұл шаштаразға алғысымды білдіремін! – деп, кісілеріне әмір қылады.

в) «Бұл уәзір берген ұстараның қандай екенін білмеймін, ханға бір зиян келтіріп жүрмейін, жаман да болса үйренген өзімнің ұстараммен алайын», – деп, ойлады шаштараз.

с) Шаштараз уәзірдің шашын жібітіп, алтын ұстарамен бір сыйпағанда, уәзірдің жаны шығып кетеді.

д) Күндердің бір күні хан базарды аралап келе жатып, басына бір кесек алтын, аяғына бір кесек алтын қойып жатқан бір адамды көреді.

е) – Ей, тақсыр, менің басымды алсаңыз да ықтияр, бірақ менің кінәмды айтып алсаңыз екен! – дейді.

## **9. Сөйлемді аяқтаңыз.**

*Ақыл сатушының сатқан ақылының құны баға жеткісіз, өйткені ...*

---

## **10. Тыңдаған мәтіндегі негізгі ой қандай?**

а) Бұл ақымақ алтын сапты ұстарасын менің шашымды алуға аяды ғой!

в) Хан шаштаразға дән риза болады, көп алтын, күміс сыйлық беріп, үйіне қайтарады.

с) Ханға бір зиян келтіріп жүрмейін жаман да болса үйренген өзімнің ұстараммен алайын.

д) Не істесең де ойлап істе, ойламай іс қылсаң, қор боласың!

е) Әр ақылымның бағасы мың алтын.

